



4 маусым – Мемлекеттік рәміздер күні

Тәуелсіздіктің тұғыры, егемендіктің еңселі белгісі – Мемлекеттік рәміздер күні ел көлемінде кеңінен атап өтілуде. Тәуелсіз Қазақстанның заңдық негіздегі Мемлекеттік Туы, Елтаңбасы мен Гимні алғаш рет бекітілген бұл тарихи күн – әрбір азаматтың жүрегінде мақтаныш сезімін ұялатып, отаншылдық рухты асқақтатын ерекше мерейлі сәт. Кеншілер өлкесі, қазыналы Ұлытау облысының ажарлы қаласы Қаражалда да бұл айтулы мереке өз деңгейінде сән-салтанатымен ашылды.

Жазира СЕЙДҒАБИҚЫЗЫ

4 маусым күні Қаражал қаласының Рәміздер алаңында «Рәміздерім — елдігімнің белгісі» атты қалалық мерекелік шара ұйымдастырылды. Салтанатты жиынға қала тұрғындары, ардагерлер, зиялы қауым өкілдері, мекеме басшылары, қоғамдық қауіпсіздік қызметкерлері

Елдіктің асқақ рухы



мен белсенді жастар қатысты.

Сән-салтанаты жарасқан жиынның шымалдығы білім мен тәрбиенің, жарқын болашақтың символы болған мектеп оқушыла-

рының, Қаражалдың мақтаныштарының шеруімен ашылды. Мойындарына медальдерін асынған қаламыздың мақтаныштарының көк байрақты биік ұстаған бейнесі

жиналған көрермендердің делебесін қоздырып, еріксіз мақтаныш сезімін ұялатты.

Мерекенің ресми бөлімінде Қаражал қаласының әкімі Айқын

Елеусізов сөз сөйлеп, тұрғындарды айтулы күнмен құттықтады. Қала басшысы өз сөзінде рәміздердің мемлекеттік маңызына тоқталып, аймақтың әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне үлес қосқан бірқатар азаматтарға мемлекеттік марапаттар мен алғыс хаттар табыс етті. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Бейсембек Дүйсенбаев «Ерен еңбегі үшін» медалімен, көпбалалы аналар Әсем Рахымжанова мен Арайлым Сулейменова «Күміс алқа» төсбелгісімен, ал Қаражал қалалық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Еркін Нұркен Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хатымен марапатталды.

Сонымен қатар, Ұлытау облысы әкімінің Алғыс хатымен Қаражал қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі директорының орынбасары Назира Асанова және қала әкімінің Құрмет грамотасымен мәдени-сауық орталығының директоры Гүлім Аханова марапатталды.

→ 3-бет.

Жастар саясаты

Мейірімділік пен жастар белсенділігі ұштасқан форум

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді халық даналығы. Адам бойындағы мейірім мен жанашырлық қоғамды біріктіретін ең асыл қасиеттердің бірі. Осы құндылықтарды жастар арасында насихаттау мақсатында өткен аптада Қаражал қаласы жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Мейірімділік – жан шуағы» тақырыбында жастар форумы өтті.

Форум жастардың басын қосып қана қоймай, олардың шығармашылық және кәсіпкерлік әлеуетін дамытуға мүмкіндік беретін тағылымды алаңға айналды. Ауқымды іс-шараға қала әкімі Айқын Елеусізов, спикерлер, қала жастары, еріктілер қозғалысының белсенділері, ұстаздар мен түрлі сала мамандары қатысты.

Форум барысында қала басшысы Айқын Елеусізов жастарға арнаған жүрекжарды лебізін білдіре отырып, былай деді: - Волонтерлік – ол жай ғана көңіл білдіру емес, ол адамға деген құрмет, елге деген жанашырлық, қоғамға деген сүйіспеншілік. Қаражал қаласының жастары әрдайым қайырымдылық шараларда, экологиялық акцияларда, қоғамдық бастамаларда алдыңғы қатардан көрініп келеді. Сіздердің адал еңбектеріңіз бен белсенді азаматтық ұстанымдарыңыз қаламыздың дамуына үлкен үлес қосып отыр.

Форумның маңызды бөлігінің бірі – марапаттау рәсімі болды. Қала әкімі Айқын Қылышұлы қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, жастар арасында қайырымдылық пен мейірімділікті насихаттап жүрген белсенділерді Алғыс хаттармен, арнайы бағалы сыйлықтармен және 50 мыңдық ақшалай



сертификаттармен марапаттады. Атап айтсақ, Бежан Бейбітұлы, Арман Мұрат, Іңкәр Отыншина, Назира Нұрбек, Жанель Марат, Іңкәр Айдынқызы, Еркеназ Біржан, Айару Жолдасова, Нұрислам Құрманов, Ақерке Құдыш, Алдияр Иманғазин, Евгений Комаров, Жәнібек Мейіржан, Алмас Сайлаубаев, Ұлықбек Балкенов, Ұлан Мейіржан, Абдулла Нұрлан болды. Бұл жастар еңбегіне көрсетілген құрмет пен олардың алдағы жұмыстарына берілген үлкен қолдау.

Форум аясында түрлі салада жетістікке жеткен спикерлер жастармен кездесіп, өз тәжірибелерімен бөлісті. Олардың қатарында «Ақсұңқар» оқу орталығының директоры, қолөнер бұйымдарының дизайнері және хэйрстилист Қарлығаш Байболсынқызы, №7 жалпы білім беретін мектептің ұстазы әрі қаламыздың танымал ағаш ұстазы Құрмет Ибрахимұлы және «Дара» брендінің негізін қалаушы жас кәсіпкер, тігінші Дарайым Қуатқызы болды. Спикерлер өздерінің еңбек жолдарын, жетістікке жету құпияларын мен кәсіби тәжірибелері туралы әңгімелеп,

жастарға мотивациялық кеңестер берді.

Сонымен қатар, қатысушыларға арналған шеберлік сағаттары ұйымдастырылып, онда әр мамандықтың қыр-сыры мен даму мүмкіндіктері кеңінен таныстырылды. Форум барысында ұйымдастырылған ойындар мен тренингтер қатысушылардың белсенділігін арттырып, олардың бір-бірімен жақын араласуына ықпал етті. Жастар көтеріңкі көңіл-күймен форумға қатысып, соңында естелік суреттерге түсті.

«Мейірімділік – жан шуағы» форумы жастардың бойындағы жауапкершілік, белсенділік және қоғамға деген жанашырлық қасиеттерін нығайтуға бағытталған маңызды іс-шара ретінде есте қалды. Осындай кездесулер өскелең ұрпақтың жаңа белестерді бағындыруына жол ашып, олардың туған қаласының өркендеуіне үлес қосуына серпін беретіні анық.

**Ақбота САЖИНОВА,
Е.Бөкетов атындағы
ҚарҰЗУ II курс студенті.**



АСЫҒЫҢЫЗ, АҒАЙЫН!

Өздеріңіздің сүйікті «ҚАЗЫНАЛЫ ӨҢІР» газетіне 2026 жылдың II жарты жылдығына жазылу науқаны жалғасуда.

Басылым аймақта болып жатқан ең елеулі оқиғалар туралы шұғыл әрі дәйекті түрде ақпарат беріп, сондай-ақ, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық тақырыпты қозғайды

- ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН: 6 айға – 1800 теңге.
- ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН: 6 айға – 4500 теңге.
- ЕҢБЕК АРДАГЕРЛЕРІ ҮШІН 30% жеңілдік қарастырылған.

Байланыс нөміріміз: 2-61-02

Қала тынысы

«АМАНАТ» партиясы Қаражал қалалық филиалының «Культура» және «Финансовый» бастауыш партиялық ұйымдарының қолдауымен, мәдени-сауық орталығының ұйымдастыруымен Балаларды қорғау күніне орай «Бақытты отбасы» жобасы аясында «Бақытты елдің балалары» атты сурет байқауы өткізілді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың өнерге деген қызығушылығын арттыру, сондай-ақ, бос уақыттарын қызықты әрі тиімді ұйымдастыру болды. Шара барысында бүлдіршіндер өз қиялдарын, армандарын және ішкі әлемін түрлі-түсті бояулар арқылы бейнелеп, шығармашылық өнерлерін паш етті.

Байқауға қатысқан балалар ерекше белсенділік танытты. Өрбір

Әлем – балалар көзімен



жас суретші өз туындысын сіңірген ойымен, сезімімен жеткізді. Ұйымдастырушылар балалардың шығармашылығына ерекше көңіл бөліп, олардың еңбегін жоғары бағалады.

Іс-шара соңында барлық қатысушыларға алғыс білдіріліп, естелік сыйлықтар табысталды. Сондай-ақ, байқаудың қорытындысы бойынша ең үздік жұмыстар мәдени-сауық орталығының залында арнайы көрме ретінде қойылды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай іс-шаралар балаларға шығармашылық дамуға, өзіндік қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік беріп қана қоймай, отбасы мен қоғам арасындағы байланыстарды нығайтуға да септігін тигізеді. «Бақытты елдің балалары» байқауы Қаражал қаласында дәстүрлі түрде өткізіліп, балалардың дамуы мен қоғамдағы шығармашылық ортаның кеңеюіне үлес қосатын болады.

Ізбасар ОЙБАС.

4 маусым – Мемлекеттік рәміздер күні



Мемлекеттік рәміздер – ел мақтанышы

4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күніне орай орталық кітапханада «Мемлекеттік рәміздер – ел мақтанышы» атты ақпараттық сағат ұйымдастырылды. Іс-шара жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік сезімді қалыптастыру, мемлекеттік рәміздерге құрметті арттыру және олардың мән-маңызын түсіндіру мақсатында өткізілді.

Ақпараттық сағат барысында қатысушыларға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы, Мемлекеттік Елтаңбасы және Мемлекеттік Гимнінің тарихы, символикалық мәні, сондай-ақ, олардың қабылдану кезеңдері туралы жан-жақты мәлімет берілді. Кездесу барысында рәміздердің тәуелсіз еліміздің егемендігі мен бірлігінің айқын белгісі екендігі атап өтіліп, олардың авторлары мен ресми түрде қабылдану тарихына тоқталынды.

Іс-шара барысында қатысушылар арасында сұрақ-жауап сессиясы ұйымдастырылып, патриоттық тақырыптарда пікір алмасу жүргізілді. Кітапхана қызметкерлері мемлекеттік рәміздердің ұлттық сананың қалыптасуындағы рөлін түсіндіріп, жастарға олардың маңызын әрдайым есте ұстауды ұсынды.

Ақпараттық сағат соңында мемлекеттік рәміздерге арналған арнайы кітап көрмесіне шолу жасалды. Оқырмандар назарына ел тарихы, тәуелсіздік, ұлттық құндылықтар мен мемлекеттілікті дәріптейтін әдебиеттер ұсынылды. Бұл шара қатысушылардың туған елге деген сүйіспеншілігін арттырып, мемлекеттік рәміздерді қастерлеуге шақырды.

«Мемлекеттік рәміздер – ел мақтанышы» ақпараттық сағатында жас ұрпаққа ел тарихы мен дәстүрлерін үйрету, патриоттық сезімді қалыптастыру бағытындағы маңызды тәрбие жұмыстары жүргізілді. Кездесу жастардың мемлекеттік рәміздерге деген құрметін арттырып қана қоймай, олардың елдік құндылықтар мен ұлттық бірлікке деген жауапкершілігін сезінуге ықпал етті.

Аманкелді АҚШАЛ.

Акция

Болашағымыз – есірткісіз өмір

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай жастардың қатысуымен «Болашағымыз – есірткісіз өмір» тақырыбында нашақорлықтың алдын алуға бағытталған флешмоб акциясы ұйымдастырылды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, зиянды әдеттерден аулақ болуға үндеу және қоғам назарын есірткі мәселесінің өзектілігіне аудару болды. Акция барысында жастар белсенділік танытып, арнайы дайындалған би қойылымдары мен шығармашылық нөмірлерін ұсынды. Қатысушылар өз өнерлері арқылы дені сау ұрпақ – ел болашағының кепілі екенін көрсетті. Сонымен қатар, флешмобқа қатысушылар есірткіге қарсы ұстанымдарын білдіріп, құрдастарын дұрыс өмірлік таңдау жасауға шақырды.

Шара жастардың азаматтық белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың

денсаулыққа жауапкершілікпен қарауына және зиянды әдеттердің алдын алуға бағытталған маңызды тәрбиелік алаңға айналды. Ұйымдастырушылар мұндай іс-шаралар жас ұрпақтың бойында салауатты өмір салтын қалыптастыруға, қоғамда есірткіге қарсы мәдениетті нығайтуға және жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға ықпал ететінін атап өтті.

«Болашағымыз – есірткісіз өмір» атты флешмоб жастардың белсенділігі мен бірлігін көрсетіп, жарқын болашақтың негізі – дені сау, білімді және саналы ұрпақ екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Досан ДУЛЫҒАЛЫ.



4 маусым – Мемлекеттік рәміздер күні

Тәуелсіздіктің тұғыры – ұлттың рухани коды

Жыл сайын 4 маусым күні Қазақстан Республикасында Мемлекеттік рәміздер күні аталып өтеді. Бұл күн – көк Туымыз, айбынды Елтаңбамыз және асқақ Өнұранымыз бекітілген тарихи дата ғана емес, тәуелсіз мемлекеттілігіміздің мәні мен маңызын айшықтайтын ерекше мереке.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Мемлекеттік рәміздер – кез келген елдің саяси егемендігін, тарихи тамырын, ұлттық болмысын және рухани құндылықтарын бейнелейтін басты нышандар. Олар мемлекет туралы түсінікті қалыптастырып қана қоймай, азаматтарды ортақ мақсат пен ортақ мүдде төңірегіне топтастыратын қуатты идеологиялық құрал болып табылады.


Тәуелсіз Қазақстан үшін мемлекеттік рәміздер елдің азаттық жолындағы күресінің, ғасырлар бойы аңсаған егемендіктің және болашаққа деген сенімнің көрінісі саналады.

Тәуелсіздікпен бірге туған құндылықтар

1992 жылғы 4 маусым күні Қазақстан Республикасының жаңа мемлекеттік рәміздері ресми түрде бекітілді. Бұл тарихи шешім жас мемлекеттің халықаралық қауымдастықтағы дербес орнын айқындаған маңызды қадамдардың бірі болды.

Кеңестік кезеңнен кейін өз тағдырын өзі айқындауға мүмкіндік алған Қазақстан үшін жаңа рәміздерді қабылдау жай ғана рәсімдік іс емес, ұлттық сананың жаңғыруының көрінісі еді. Сол кезеңде ел алдында жаңа мемлекеттің бейнесін қалыптастыру міндеті тұрды. Мемлекеттік Ту, Елтаңба және Өнұран осы міндеттің орындалуына қызмет ететін басты идеологиялық негіздердің біріне айналды.

Бүгінде бұл рәміздер Қазақстанның әлем алдындағы бет-бейнесін танытып, халықаралық аренадағы беделін көрсететін маңызды белгілер ретінде орнықты.



Көк Ту – бейбітшілік пен болашақтың символы

Қазақстанның Мемлекеттік Туы – әлемдегі ең көркем әрі мағыналы мазмұны терең мемлекеттік тулардың бірі.

Көгілдір түс – ашық аспанның, бейбіт өмірдің, бірліктің және тұрақтылықтың белгісі. Бұл түс Қазақстан халқының татулығы мен келісімін білдіреді.

Тудың ортасында орналасқан алтын түсті күн өмірдің, молшылықтың және өркендеудің нышаны болып табылады. Ал күннің астындағы қыран бүркіт еркіндікке, биік мақсаттарға ұмтылысты, тәуелсіз рухты бейнелейді.

Тудың сабы жағындағы ұлттық өрнек қазақ халқының мәдени мұрасын, ұлттық ерекшелігін көрсетеді.

Көк байрақ бүгінде әлемнің көптеген елдерінде желбіреп келеді. Олимпиада ойындарында, халықаралық форумдарда, ғылыми конференцияларда және дипломатиялық кездесулерде Қазақстанның көк Туы елдің жетістіктерін әлемге паш етіп жүр.

Елтаңба – тарих пен болашақты жалғасан белгі

Мемлекеттік Елтаңбада халқы-

мыздың дүниетанымы мен тарихи мұраты терең көрініс тапқан.

Елтаңбаның дәл ортасындағы шаңырақ – ортақ үйдің, берекенің және бірліктің белгісі. Одан тараған уықтар Қазақстанды мекендеген барлық этностардың татулығы мен ынтымағын бейнелейді.

Қанатты пырақтар ұлттық мифологиядағы еркіндікке, ерлікке және жасампаздыққа деген ұмтылысты көрсетеді.

Ал бес бұрышты жұлдыз мемлекетіміздің әлемдік өркениетке ашық екенін білдіреді.

Елтаңба – тек графикалық бейне емес. Ол Қазақстан халқының ортақ тағдыры мен ортақ болашағын бейнелейтін терең философиялық туынды.

Өнұран – халықтың жүрек үні

Мемлекеттік Өнұран – ұлттың рухын көтеретін, патриоттық сезімді күшейтетін ерекше рәміз. 2006 жылы қабылданған қазіргі Өнұран халық арасында кеңінен танылған «Менің Қазақстаным» әнінің негізінде жасалды.

Өнұран орындалған кезде әрбір азаматтың бойында туған жерге деген мақтанш сезімі оянады. Оның мәтінінде қазақ даласының кеңдігі, халықтың еркіндікке деген

ұмтылысы, болашаққа деген сенімі көрініс тапқан.

Спортшыларымыз халықаралық жарыстарда жеңіске жеткенде көк Ту көтеріліп, Өнұран шырақалған сәттер ел тарихындағы ең әсерлі оқиғалардың біріне айналып келеді.

Рәміздер және ұлттық бірегейлік

Жаһандану дәуірінде әр мемлекеттің өзіндік ұлттық ерекшелігін сақтау мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр. Ақпараттық кеңістік шекараларды жойып жатқан заманда мемлекеттік рәміздер ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды құралдарының біріне айналды. Қазақстан үшін бұл мәселе ерекше өзекті. Өйткені, еліміз көпэтносты қоғам ретінде бірлік пен қоғамдық келісімді басты құндылықтардың бірі ретінде қарастырады. Мемлекеттік рәміздер дәл осы ортақ құндылықтарды қалыптастырып, азаматтық сәйкестікті нығайтуға ықпал етеді.

Қай өңірде, қай әлеуметтік топта болмасын, Қазақстан азаматтары біріктіретін ортақ нышандар – Ту, Елтаңба және Өнұран. Осы мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету тек мерекелік шаралармен

шектелмеуі тиіс. Нағыз патриотизм мемлекеттік рәміздерді қадірлеуден, ел заңдарын сақтаудан, қоғам алдындағы жауапкершіліктен, адал еңбек етуден, туған жердің дамуына үлес қосудан көрінеді.

Рәміздерге деген құрмет азаматтардың мемлекетке деген сенімін күшейтіп, қоғамдық жауапкершілікті арттырады. Сондықтан, білім беру ұйымдарында, мемлекеттік мекемелерде және қоғамдық ортада рәміздердің мәнін түсіндіру жұмыстары үздіксіз жүргізілуі қажет.

Жаңа Қазақстан және рәміздердің жаңа мазмұны

Соңғы жылдары Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси және әлеуметтік реформалар мемлекеттік рәміздердің маңызын бұрынғыдан да арттыра түсті. Өділетті қоғам құру, заң үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау бағытындағы өзгерістер мемлекеттік рәміздердің мазмұнын нақты істермен толықтыруда. Өйткені, рәміздердің қадірі тек олардың көркемдік немесе тарихи құндылығында емес, сол рәміздер бейнелейтін мемлекеттің табыстары мен жетістіктерінде жатыр. Егер мемлекет дамып, халықтың әл-ауқаты артып, қоғамда әділдік орнаса, онда рәміздерге деген құрмет те табиғи түрде күшейе түседі.

Сайып келгенде, мемлекеттік рәміздер – Қазақстан тәуелсіздігінің басты белгілері, ұлттық рухтың қайнар көзі және ел бірлігінің темірқазығы. Көк Туымыз, Елтаңбамыз және Өнұранымыз халқымыздың өткенін, бүгінін және болашағын жалғап тұрған қасиетті құндылықтар болып табылады. Мемлекеттік рәміздер күні – тек мерекелік дата емес. Бұл әрбір азаматтың ел алдындағы жауапкершілігін сезінетін, тәуелсіздіктің қадірін ұғынатын, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін маңызды күн. Тәуелсіздіктің тұғыры берік болуы үшін рәміздерге деген құрмет те әрдайым жоғары болуы тиіс. Өйткені, рәміздерге құрмет – мемлекетке құрмет, ал мемлекетке құрмет – болашаққа деген сенімнің көрінісі.

(Соңы. Басы 1-бетте).

Аймақтың дамуына қосқан үлесі үшін қала әкімінің Алғыс хатымен № 73 учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы Алма Абдразахова, № 74 комиссия төрағасы Кулшат Мусина, № 75 комиссия төрағасы Анар Кушқимбаева, № 72 комиссия төрағасы Құралай Жиенбаева, № 71 комиссия төрағасы Бота Жексембаева, № 70 комиссия төрағасы Гүлнұр Тускенова, № 69 комиссия төрағасы Ива Абиева, № 65 комиссия төрағасы Оксана Калашникова, № 64 комиссия төрағасы Бұлбұл Абеннова, № 63 комиссия төрағасы Бақыт Мамина, спорт нұсқаушысы Сырым Тұрабай, № 7 жалпы білім беретін мектептің мұғалімі Аягүл Абильдина, Жастар ресурстық орталығының психологы Диль-

Елдіктің асқақ рухы



наз Ергалиева, Жәйрем кенті әкімі аппаратының бас маманы Жамила Султанова, сондай-ақ, жеке кәсіпкерлер Қарлығаш Шаменова мен Дарайым Қуатова марапатталды. Бұдан бөлек, елдің сайлау жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін № 68 учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы Жұмағали Альмағамбетовке ҚР Орталық сайлау комиссиясы төрағасының Құрмет грамотасы салтанатты түрде табысталды.

Салтанатты кештің қорытынды аккорды ретінде алаңға жиналған қала тұрғындары мен қонақтары қазақ вальсінің королі, белгілі композитор Шәмші Қалдаяқовтың «Атамекен» әнін біркісідей қосыла шырқады. Көк аспан астында қалықтаған патриоттық өн Қаражал төріндегі мерекені жоғары нотада түйіндеді.

Қоғам

Жаздың жаймашуақ күндерінің бірінде қаланың Горняк стадионы ерекше жылулық пен мейірімге толы мерекелік алаңға айналды. Мұнда Қаражал қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен қоғамдағы аналардың мәртебесін арттыруға, олардың құқықтық, медициналық, психологиялық және кәсіпкерлік сауаттылығын дамытуға бағытталған «Аналар форумы» өтті. Ауқымды іс-шараға қала тұрғындары, көпбалалы аналар, түрлі сала мамандары, қоғамдық ұйым өкілдері мен белсенді нәзік жандылар қатысып, маңызды мәселелер төңірегінде пікір алмасты.

Қазақ халқы ежелден ананы отбасының ғана емес, «тұтас ұлттың тірегі» деп бағалаған. «Ана – өмірдің шуағы, отбасының ұйытқысы» деген ұғым бүгінгі форумның негізгі өзегіне айналды. Форумның басты мақсаты – әйелдердің қоғамдағы рөлін айқындап қана қоймай, олардың жан-жақты дамуына қолдау көрсету, өзекті мәселелерді талқылау және тәжірибе алмасу алаңын қалыптастыру. Форум басталар алдында қатысушыларды салтанатты әуен қарсы алып, стадион аумағында тіркеу жұмыстары жүргізілді. Айналаны жайлаған көтеріңкі көңіл-күй мен жүздердегі шаттық бұл кездесудің ерекше маңызға ие екенін аңғартты.

Іс-шараның ресми бөлімін модератор Қарлығаш Шакенова ашып, форумға жиналған қауымды құттықтады. Ол аналардың қоғамдағы орнына тоқталып, бүгінгі кездесудің әрбір қатысушысы үшін пайдалы әрі тағылымды боларына сенім білдірді. Форумның ашылу салтанатында Қаражал қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Манара Жетимекова сөз сөйлеп, отбасы құндылықтарын дәріптеу мен аналардың әл-ауқатын арттыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтты. Ол әйелдердің қоғам



өміріндегі белсенділігі жылдан-жылға артып келе жатқанын атап өтіп, форум жұмысына сәттілік тіледі.

Форумның алғашқы бөлімі құқықтық мәселелерге арналды. Ұлытау облысы Полиция департаментінің аға инспекторы, полиция аға лейтенанты Алтынай Жанадилова «Құқықтық қорған: тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғану жолдары және балалар қауіпсіздігі» тақырыбында мазмұнды баяндама жасады. Спикер тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, құқықтық қорғау тетіктері, зардап шеккен азаматтарға көрсетілетін көмек түрлері туралы жан-жақты ақпарат берді.

Келесі бөлім әйел денсаулығына арналды. Қаражал қалалық орталық ауруханасының тәжірибелі акушер-гинекологы Аида Маграмова «Әйел денсаулығы: әлі күнге дейін ел сенетін мифтер» тақырыбында баяндама жасап, қоғамда кең тараған қате түсініктерді ғылыми деректер арқылы түсіндірді. Ол әйелдердің денсаулығына немқұрайлы қарамаудың маңыздылығын айтып, профилакти-

калық тексерулердің қажеттілігіне тоқталды.

Форум барысында кәсіпкерлік саласы да назардан тыс қалмады. «Мерейлі жандар» қоғамдық бірлестігінің төрағасы әрі табысты кәсіпкер Динара Байтасова әйелдердің экономикалық белсенділігін арттыру тақырыбында сөз сөйледі. «Әйел және бизнес: қорқыныштан мүмкіндікке» атты мотивациялық баяндамасында ол өзінің өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, бизнесте кездесетін қиындықтарды еңсеру жолдарын айтты. Спикердің айтуынша, кез келген жетістіктің бастауы – сенім мен табандылық. Тағы бір айта кетерлік жайт – «Мерейлі жандар» қоғамдық бірлестігінің форум қатысушыларына жайған ақ дастарханы көңілге жылулық ұялатты.

Осыдан кейін форум қатысушылары үшін сергіту және дене белсенділігіне арналған арнайы бөлім ұйымдастырылды. Қаражал қаласы өнер мектебінің кәсіби хореографы Татьяна Новоковская қатысушыларға арналған жеңіл би және сергіту жаттығуларын өткізді. Көңілді әуенмен сүйемелденген бұл

бөлім форумға ерекше сән беріп, қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Форумның ең әсерлі әрі мазмұнды бөлімдерінің бірі - отбасылық психолог және тектанушы Бибігүл Есенбектің дәрісі болды. «Әлемнің мәні – әйелде» тақырыбында өткен кездесу барысында спикер отбасы құндылықтары, ұрпақ тәрбиесі, тектану мәдениеті, әйелдің ішкі әлемі мен психологиялық саулығы туралы терең ой қозғады. Ол отбасының берекесі ананың рухани жағдайымен тығыз байланысты екенін айтып, қатысушыларды өзін-өзі дамытуға, жан дүниесіне көңіл бөлуге шақырды. Теориялық бөлімнен кейін форум тәжірибелік кезеңмен жалғасты. Қатысушылар арнайы ұйымдастырылған психологиялық тренингке қатысып, өзара қарым-қатынасты нығайтуға, өзін-өзі бағалауды арттыруға бағытталған жаттығулар орындады. Бұл бөлім аналардың бір-бірімен жақынырақ танысып, пікір алмасуына мүмкіндік берді.

Іс-шараның қорытындысында Қаражал қаласы өкімінің орынбасары Диана Оспанбекова сөз сөйлеп, форумның маңыздылығына тоқталды. Ол аналардың қоғамдағы рөлі ерекше екенін атап өтіп, отбасы құндылықтарын нығайтуға бағытталған осындай кездесулердің алдағы уақытта да жалғасатынына сенім білдірді. Форум соңында ұйымдастырушылар барлық спикерлерге алғыс білдіріп, олардың қоғам үшін маңызды тақырыптарды көтеріп, тәжірибелерімен бөліскені үшін ризашылықтарын жеткізді. Қатысушылар да өз кезегінде мұндай кездесулердің маңыздылығын атап өтіп, форумнан мол ақпарат пен рухани күш алғандарын айтты. «Аналар форумы-2026» тек пікір алмасу алаңы ғана емес, әйелдердің қоғамдағы рөлін дәріптеген, отбасы институтының маңызын насихаттаған, аналардың өз мүмкіндіктерін танып, жаңа белестерге ұмтылуына серпін берген тағылымды шара ретінде есте қалды.

**Ақбота САЖИНОВА,
Е.Бекетов атындағы
ҚарҰЗУ II студенті.**

Еңбек адамы

Еңбекпен өрілген өмір жолы – тағылымға толы тағдыр

Ел дамуының басты тірегі – адал еңбек. Қай уақытта да қоғамның шынайы күші қарапайым еңбек адамдарының маңдай тері мен табанды еңбегінен құралады. Осындай еңбекқор да төзімді жандардың жарқын өкілдерінің бірі – «Жәйрем кен байыту комбинаты» АҚ-ның ұзақ жылдар бойғы жұмыскері, өз ісінің нағыз шебері Расоль Шопан.

Расоль Шопан 1967 жылдың 22 наурызында Моңғол Халық Республикасының Баян-Өлгий аймағындағы Қызыл-Қайың ауылында дүниеге келген. Қарапайым отбасының тәрбиесін көріп, төрт баланың бірі ретінде ерте жастан еңбекке араласты. Балалық шағынан бастап тіршіліктің қадірін түсініп өскен ол, қай істі болса да жауапкершілікпен атқаруға дағдыланды. 1975 жылы мектеп табалдырығын аттап, 1985 жылы орта білімін аяқтап шықты.

Жастық жігері кемел шақта ол Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуге аттанып, 1985–1988 жылдары әскери қызметте болды. Әскер қатарында жүріп ол жүргізуші мамандығын меңгеріп, ЗИЛ-131 автокөлігін тізгіндеді. Әскери өмір тәртібі мен тәрбиесі оның бойындағы табандылық пен төзімділікті шыңдап, болашақ кәсіби жолына берік негіз қалады.

Әскерден оралған соң да білімге деген



құштарлығы бәсеңдеген жоқ. 1989–1991 жылдары Ұланбатыр қаласындағы мәдени-ағарту училищесінде оқып, киномеханик мамандығын игерді. Бұл оның өміріндегі жаңа белес, жаңа бағыт болды. Дегенмен, қандай салада еңбек етсе де, Расоль Шопан үшін ең бастысы – адалдық пен жауапкершілік еді. 1991–1993 жылдары Қызыл-Қайың аудандық халық театрында ГАЗ-66 автокөлігінің жүргізушісі болып еңбек етіп, өңірдің мәдени өміріне де өзіндік үлесін қосты.

1993 жыл оның өміріндегі тағдыршешті кезеңге айналды. Осы жылы тарихи Отаны - Қазақстанға қоныс аударып, жаңа өмірге батыл қадам жасады. Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданындағы Жеңіс совхозы-

на орналасып, еңбек жолын жалғастырды. Ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарындағы қиындықтарға қарамастан, ол қажырлы еңбекпен табандылықты арқасында кез келген сынақты еңсере білді.

1996 жылдың мамыр айынан бастап Расоль Шопан «Жәйрем кен байыту комбинаты» АҚ-ның сол кездегі АТК цехына БЕЛАЗ жүргізушісі болып жұмысқа орналасып, ол жерде көптеген жылдар бойы еңбек етіп, 2013 жылдан бастап техникалық күтіп қарау және жөндеу жұмыстары басқармасында ашалы жүк тиегіш машинисі. Содан бері бір ұжымда үздіксіз еңбек етудің өзі оның кәсібіне деген адалдығының жарқын дәлелі. Жұмыс барысында ол әрқашан жоғары жауапкершілік танытып, кәсіби шеберлігімен ерекшеленді. Өріптестері арасында абыройлы, бастылық тарапынан сенімге ие бола білген ол - ұжымда сыйлы азамат. Оның еңбегі тек өндірістік көрсеткіштермен ғана емес, адамгершілік қасиеттерімен де бағаланады.

Расоль Шопанның өмір жолы тек еңбек майданындағы табыстармен шектелмейді. Оның өміріндегі ең үлкен құндылықтардың бірі - отбасы. 1992 жылы Шайполдақызы Сандуғашпен отау құрып, өнегелі шаңырақ көтерді. Ерлі-зайыптылар екі қыз, бір ұл тәрбиелеп, оларды адал еңбекке, адамгершілікке баулып өсірді. Өкінішке қарай, 2015 жылы өмірлік серігінен айырылып, ауыр қайғыны бастан өткерді. Дегенмен, ол тағдырдың бұл сынағына мойымай, отбасының тірегі бола білді.

2018 жылы ол өмірінің жаңа кезеңін

бастап, Мая есімді жанмен тағдырын тоғыстырды. Бүгінде жұбайы асхана саласында еңбек етіп, отбасына тірек болып отыр. Балалары да еке тәрбиесінің өнегесін алып, әрқайсысы өз саласында табысты еңбек етуде. Үлкен қызы Айдана медицина саласында қызмет атқарып, адам өмірін сақтауға үлес қосып келеді. Ұлы Еламан Теміртау қаласында электр монтаждау саласында еңбек етіп, техникалық салада өз орнын тапқан. Ал кенже қызы Айгерім мектепке дейінгі білім беру саласында тәрбиеші болып, жас ұрпақты тәрбиелеуде.

Шопан аға бос уақытында қара шаңырақта отырған бауырларының мал шаруашылығына аздап қолғабыс етеді. Жаяу серуендегенді ұнатады. Кітап, газет оқығанды жаны қалайды.

Расоль Шопан – өмірін еңбектен бөліп қарамайтын, адалдықты ту еткен, қиындыққа мойымайтын нағыз еңбек адамы. Оның өмір жолы табандылық пен төзімділіктің, еңбекқорлық пен жауапкершіліктің айқын көрінісі. Осындай жандардың арқасында ел экономикасы дамып, қоғамның іргесі нығаяды.

Ол тек өз отбасының ғана емес, тұтас қоғамның тірегі. Жұмыс орнында үлгі, отбасында қамқор әке, ортада сыйлы азамат ретінде ол кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық тағылымды өмір кешіп келеді.

Осындай еңбек адамдарының ғұмыры ел игілігінің кепілі. Расоль Шопанның мағыналы өмір жолы адал еңбектің мәңгілік құндылық екенін дәлелдейтін өнегелі тағдыр.

Төректі ШАҒАТАЙ.

Мерекешуағы

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні – әлемдегі ең шуақты әрі мейірімге толы мерекелердің бірі. Бұл күн балғын балалық шақтың қадірін ұғындырып, жас ұрпаққа деген қамқорлық пен жауапкершілікті арттыратын ерекше мереке. Балалардың күлкісі мен шаттығы әрбір отбасының бақыты, әрбір мемлекеттің жарқын болашағының кепілі. Сондықтан да, бұл күн тек балалардың мерекесі ғана емес, олардың құқықтарын қорғауға, қауіпсіздігі мен жан-жақты дамуына жағдай жасауға үндейтін маңызды күн. Өскелең ұрпақтың бақытты балалық шағы мен жарқын келешегі – қоғамның басты құндылығы.

Осы мерекеге орай Қаражал қаласында мерекелік іс-шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қала тұрғындары мен қонақтарына ерекше көңіл-күй сыйлады. Балалардың шат күлкісі мен қуанышы мерекенің басты көркіне айналып, қала бір күнге нағыз думан орталығына айналды.

Мерекелік шаралар қала алаңында ұйымдастырылған салтанатты концертпен басталды. Концерт барысында жергілікті өнерпаздар мен шығармашылық ұжымдар өз өнерлерін ортаға салып, ән мен биден шашу шашты. Әсем әуен мен жарқын қойылымдар көрермендердің ыстық ықыласына бөленіп, балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Мерекенің ең қызықты бөлімдерінің бірі – сабынды көпіршіктер шоуы болды. Аспапқа қалықтаған түрлі-түсті көпіршіктер ба-

Әлемдегі ең шуақты мереке



лалардың ерекше қызығушылығын тудырып, олардың қуанышына шек болмады. Балдырғандар шоуға белсенді қатысып, жарқын әсерге бөленді.

Сонымен қатар, мереке аясында сурет салу байқауы ұйымдастырылды. Байқауға қатысқан жас суретшілер өздерінің қиялындағы бақытты балалық шақты, туған

жердің көркем табиғатын және отбасы құндылықтарын қағаз бетіне түсірді. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған бұл байқау олардың өнерге деген қызығушылығын арттыра түсті.

Қолөнерге бейім балалар үшін бисерден бұйым тоқу бойынша шеберлік сағаты өткізілді. Тәжірибелі мамандардың жетекшілігімен қатысушылар бисерден түрлі әшекейлер жасап, жаңа дағдыларды меңгерді. Мұндай шаралар балалардың шығармашылық қабілетін шыңдап қана қоймай, еңбекке баулуға да ықпал етеді.

Кешкі уақытта ашық аспан астында би кеші ұйымдастырылып, жастар мен балалар сүйікті әуендерге билеп, көтеріңкі көңіл-күймен уақыт өткізді. Би алаңы мерекенің ең қызу орталықтарының біріне айналып, қатысушыларға ұмытылмас сәттер сыйлады.

Мерекелік бағдарламаның шарықтау шегі ретінде қала тұрғындарына әсерлі мерекелік отшашу ұсынылды. Түнгі аспанды жарқыраған түрлі түсті оттар көмкеріп, балалар мерекесінің жарқын қорытындысына айналды.

Балалар еліміздің болашағы, мемлекетіміздің ең басты байлығы. Сондықтан, олардың бақытты балалық шағы мен жарқын келешегі әрқашан қоғам назарында болуы тиіс. Қаражал қаласында өткен мерекелік іс-шаралар осы игі мақсаттың айқын көрінісі болды. Балалардың күлкісі мен шаттығы мәңгі естілсін, олардың армандары әрдайым орындала берсін!

**Ақбота САЖИНОВА,
Е.Бөкетов атындағы
ҚарҰЗУ II курс студенті.**

Бала күлкісі – өмір көркі

Жәйрем кентінде Халықаралық балаларды қорғау күні биыл да ерекше сән-салтанатпен аталып өтті. Жаздың алғашқы күні балалардың шат күлкісіне, әсем ән мен мың бұралған биге, игі іс пен мейірімге толы шынайы мерекеге айналды. Бұл күн тек ойын-сауық емес, ұрпаққа деген қамқорлық пен жауапкершіліктің айқын көрінісін көрсетті.

Жәйрем кенті мәдени-сауық орталығының ұйымдастырған XVIII дәстүрлі «Айналайын FEST» балалар шығармашылығы фестивалі мерекенің басты сәніне айналды. Таңғы сағат 10-нан бастап алаңға жиналған жұртшылық кішкентай өнерпаздардың өнеріне тәнті болды.

Фестивальдің ашылу сәті ерекше әсерге толы өтті. Сахна гүлге оранғандай жайнап, ертегі кейіпкерлері мен би ұжымдарының жарқын қойылымдары балалар қуанышын еселей түсті. Заманауи TikTok трендтерімен әрленген би нөмірлері көрермендердің көңілін бірден көтеріп, мерекенің ажарын аша түсті.

Фестиваль төрт жанр бойынша ұйымдастырылды: вокал, хореография, көркем сөз және аспапта ойнау. Әрбір қатысушы сахнаға үлкен дайындықпен шығып, өзінің өнерін барынша жоғары деңгейде көрсетуге тырысты.

Вокал жанры бойынша жас әншілер әсем әуенмен көрерменнің жүрегіне жол тапты. Бұл бағытта: Әлихан Мейірман, Малика Мұрат, Аяла Өмірсерік, Раяна Хабар, Айсұлтан Аманғали, Сайран Совет өнер көрсетті.

Көркем сөз жанры балалардың сөз құдіретін танытқан ерекше бөлім болды. Қатысушылар поэзия арқылы туған елге, анаға, бейбіт өмір мен бақытты балалық шаққа деген сүйіспеншілігін жеткізді. Бұл жанрда:



Айәділ Сәбит, Кәусар Картаева, Жанайым Нұржанова, Айзия Игілік, Әлихан Жәнібекова, Ибраһим Әділетұлы, Жібек Қайырғали, Ару Қайырғали, Асылым Жетібай, Амира Әділетқызы, Ясин Сейітсұлтан, Аялым Бақытмұрат, Сайран Совет, Ерке Шабденова, Әсия Вайдулла өнер көрсетті.

Аспапта ойнау жанры ұлттық өнердің маңызын айшықтады. Домбыраның күмбірі арқылы бабалар мұрасы жаңғырып, жас буынның өнерге деген сүйіспеншілігі анық байқалды. Бұл бөлімде:

Әлихан Мұрат пен Әмірхан Мұрат «Тепең көк» күйін,

Аяру Бергенбек пен Кәусар Дамирқызы «Еркесылқым» күйін орындады.

Хореография жанры фестивальдің ең жарқын әрі әсерлі бөліктерінің бірі болды. Әр ұжым өзіндік ерекшелігімен көзге түсіп, билері көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Олардың қатарында «Жалын» би ансамблінің «Бипыл» биі, «Нұр» би ансамблінің «Ковбой», Жәйрем спорт клубы студиясының «Черлидинг» биі, № 10 мектептің

би тобы «Тока-тока», «Жалын» ансамблінің «ДоРеМи» биі, № 30 мектептің заманауи биі, «Нұр» ансамблінің үнді биі, «Гүлдер» ансамблінің «Star» биі, «Жігіттер» тобының «RUH» биі бар.

Фестиваль соңында барлық қатысушылар марапатталып, үлкен финалдық қойылыммен қорытындыланды. Жас өнерпаздардың бірлескен өнері шынайы қуаныш пен бірліктің символына айналды.

Бұл күні тек сахна сәні ғана емес, адам жүрегіне жылу сыйлайтын игі істер де қатар өрбіді. «Жәйрем кен байыту комбинаты» АҚ кәсіподақ комитеті мен «Өндіріс еріктілері» қозғалысы балаларға арналған бірқатар қайырымдылық шаралар өткізді.

«Жәйрем кен байыту комбинаты» АҚ Кәсіподақ ұйымы балалар мейрамына арнап шақырған Ұлытау облыстық «Алға, бас!» театрының «Сиқырлы көзілдірік» музыкалық комедиясы сахналанып, балаларға ерекше әсер сыйлады. Қызықты әрі тәрбиелік мәні зор қойылым кезінде зал көрерменге лық толып, ине шаншар орын болмады.

Спортты сүйетін балалар үшін 10–14 жас аралығында велошеру ұйымдастырылды. Шамамен 120 бала Металлургтер көшесі бойымен өткен бұл шара достық пен салауатты өмір салтын насихаттаған маңызды бастама болды.

Дегенмен, мерекенің ең әсерлі сәттері көпшілік назарына ілінбеген тұста өтті. Волонтерлер ерекше балалар тәрбиеленіп жатқан отбасыларға барып, шамамен 40 азық-түлік себетін табыстады. Бұл қоғамдағы жанашырлық пен бірліктің айқын дәлелі.

Кәсіподақ комитеті төрағасының орынбасары, волонтерлік қозғалыс жетекшісі Гауһар Наурызбаева: - 1 маусым – жай ғана мереке емес. Бұл – балалар алдындағы жауапкершілігімізді еске салатын күн. Әр бала қамқорлық пен жылулықты сезінуі тиіс. Біз сол үшін де еңбек етеміз, қолымыздан келгенді жасаймыз, - деп атап өтті.

Оның айтуынша, көптеген балалар еріктілерді жыл бойы асыға күтеді. Олар үшін бұл – сыйлықтан да маңызды, бұл – ұмытылмағанының дәлелі.

Мерекенің тағы бір игі дәстүрі - аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға жолдама беру. Биыл аз қамтылған отбасылардан бес бала еріктілердің қолдауымен Алатау бөктеріндегі «Ақбұлақ» балалардың жазғы демалыс орталығында тегін демалу мүмкіндігіне ие болды.

Сондай-ақ, еріктілер ертегі кейіпкерлерінің бейнесінде балаларға тәттілер тартып, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Компания атынан мың жарымнан астам балмұздақ үлестіріліп, жаздың алғашқы күні балалар үшін ұмытылмас сәтке айналды.

Жәйремде өткен бұл мереке - тек ойын-сауық емес, ұрпаққа деген сүйіспеншілік пен қамқорлықтың нақты көрінісі болды. Бір күн болса да балалар өздерін ерекше сезініп, шынайы бақытқа бөленді.

Шынында да, бала бақыты үшін көп нәрсе қажет емес: шуақты жаз күні, тәтті балмұздақ және айналасындағы қамқорлықты сезіну жеткілікті.

Ал бұл мереке ересектерге әр баланың бақытты балалық шаққа құжығы бар екенін тағы бір мәрте еске салды.

Теректі ШАҒАТАЙ.

Жаз – 2026

Жазғы демалыс – балалардың денсаулығын нығайтуға, шығармашылық әлеуетін дамытуға, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға және жаңа оқу жылына тың серпінмен келуіне мүмкіндік беретін маңызды кезең. Осы орайда Қаражал қаласының білім бөлімі 2025–2026 оқу жылының жазғы демалыс кезеңінде оқушылардың сауықтыру демалысын, бос уақытын тиімді ұйымдастыру және жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету бойынша кешенді жоспар әзірледі.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Жоспардың негізгі мақсаты – балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіз әрі мазмұнды демалысын ұйымдастыру, олардың денсаулығын нығайту, құқық бұзушылық пен қадағалаусыздықтың алдын алу, шығармашылық және интеллектуалдық әлеуетін дамыту, сондай-ақ, жоғары сынып оқушыларын еңбек қызметіне тарту.

Қалалық білім бөлімі берген ақпаратқа қарағанда, Қаражал қаласы бойынша 1–10 сыныптарда білім алатын 3321 оқушының жазғы кезеңдегі демалысы мен бос уақытын ұйымдастыру жоспарланған. Оның ішінде 260 оқушы аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан балалар санатына жатады. Жалпы алғанда, жазғы демалыс пен сауықтыру шараларымен 2847 оқушы қамтылады. Бұл барлық оқушылардың 85,7 пайызын құрайды. Мұндай көрсеткіш өңірдегі балаларды әлеуметтік қолдау және олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру жұмыстарының жүйелі жүргізіліп отырғанын көрсетеді.

Биылғы жылы балалардың жазғы демалысы 14 негізгі бағыт бойынша ұйымдастырылады. Бұл бағыттар сауықтыру, білім беру, спорт, туризм, көшбасшылық, тілдік даму және еңбекпен қамту салаларын қамтиды. Бұл бағытта әлеуметтік осал топтарға ерекше көңіл бөлінген. Қаланың сегіз мектебінде ұйымдастырылатын мектеп жанындағы сауықтыру лагерлеріне 260 бала қатысады. Бұл лагерлер жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларды, көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балаларын қамтиды.

Лагерлер екі кезеңде жұмыс істейді. I кезең – 3 маусымнан 23 маусымға дейін, II кезең – 25 маусымнан 15 шілдеге дейін. Ең маңыздысы – балалардың барлығы үш мезгіл тамақпен толық қамтамасыз етіледі. Бұл балалардың денсаулығын нығайтуға және әлеуметтік қолдауды күшейтуге бағытталған маңызды шара.

Жаз мезгілінде оқушылар үшін жорықтар мен экскурсиялар ұйымдастыру көзделген. Қылыш су қоймасы мен Ақтау ауылына танымдық сапарлар арқылы 50 оқушы туған өлкенің табиғаты мен тарихи нысандарымен

Балалардың жазғы демалысы – тәрбиенің маңызды кезеңі



танысады. Сонымен қатар, облыстық туристік бағдарлама аясында «Ұлытау – аңыздар өлкесіне» саяхат ұйымдастырылмақ. Бұл жобаға тағы 50 оқушы қатысады. Ұлытау өңірі қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасы шоғырланған қасиетті мекендердің бірі болғандықтан, мұндай сапарлардың тәрбиелік маңызы зор.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде жазғы мектептердің рөлі артып келеді. Қаражал қаласында бірнеше бағыттағы жазғы мектептер де ұйымдастырылады. Атап айтқанда, жеті білім беру ұйымында олимпиадалық резервтің жазғы мектептері жұмыс істейді. Мұнда 160 дарынды оқушы пәндік білімін тереңдетіп, түрлі олимпиадалар мен ғылыми жобаларға дайындық жүргізеді. Сол сияқты, маусым және тамыз айларында ұйымдастырылатын «Жазғы мектеп» жобасына 400 оқушы қатысады. Бағдарлама тілдік дағдыларды, логикалық ойлауды, қарым-қатынас мәдениетін дамытуға бағытталған.

Бірінші сыныпқа баратын балаларға арналған «Бүлдіршіндер мектебі» шілде және тамыз айларында жұмыс істейді. Бұл мектепке 230 бала қатысып, психологиялық және танымдық тұрғыдан дайындалады.

Мектеп жанындағы бейінді лагерлер арқылы 533 оқушы қамтылады. Бұл – жазғы демалыс бағдарламасындағы ең ауқымды бағыттардың бірі. Мұнда балалар келесі үйірмелерге қатыса алады: «Қызықты математика», «Информатика», «Физика және өмір»,

«Көркем жазу», «Математикалық логика», «Көркем сөз», «Шебер қолдар», «Хореография».

Әсіресе, хореография және математикалық логика бағыттарына қызығушылық жоғары екендігі байқалады. Бұл балалардың бір жағынан шығармашылық қабілеттерін, екінші жағынан аналитикалық ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

«Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйымдарының мүшелеріне арналған жазғы мектептерге 180 оқушы қатысады. Бұл бағыт оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін дамытуға, қоғамдық белсенділігін арттыруға, еріктілік мәдениетін қалыптастыруға, патриоттық тәрбие беруге бағытталған. Қазіргі қоғамда белсенді азамат қалыптастыру маңызды міндеттердің бірі болғандықтан, мұндай жобалардың әлеуметтік маңызы ерекше.

Жеті мектепте ұйымдастырылатын жазғы тілдік мектептерге 195 оқушы қатысады. Бағдарлама оқушылардың тілдік құзыреттілігін арттырып, көптілді ортада еркін қарым-қатынас жасау қабілетін дамытуға бағытталған. Сонымен қатар, пікірсайыс лагерлері мен пікірсайыс жасақтарына 124 оқушы тартылады. Бұл алаңдарда балалар сыни ойлауды, дәлел келтіру мәдениетін, шешендік өнерді, командалық жұмысты меңгереді.

Жеті мектепте спорттық лагерлер ұйымдастырылып, оған 100 оқушы қатысады.

Негізгі бағыттар – футбол, шахмат, тоғызқұмалақ.

Футболдың кеңінен қамтылуы балалар арасында бұқаралық спортты дамытуға ықпал етсе, шахмат пен тоғызқұмалақ интеллектуалдық спорт түрлеріне қызығушылықты арттырады.

Мәдени-сауықтыру орталығы, Дзюдо мектебі және Балалар өнер мектебінің базасында түрлі үйірмелер мен қызығушылық клубтары жұмыс істейді. Бұл бағыт бойынша 100 оқушы қамтылады. Өнер мен мәдениет саласындағы жұмыстар балалардың эстетикалық талғамын қалыптастырып, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Жазғы демалыс бағдарламасының маңызды бағыттарының бірі – жоғары сынып оқушыларын еңбекке тарту. Жалпы саны 245 оқушы еңбек жасақтарына қатысады. Оның ішінде: «Жасыл ел» бағдарламасы арқылы – 165 оқушы, мектеп аумақтарын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарына – 80 оқушы тартылады. Қаражал қаласы мен Жәйрем кентінде үш ай бойы 151 оқушы нақты еңбекпен қамтылып, алғашқы еңбек тәжірибесін жинақтайды. Бұл жастардың еңбекке құрметпен қарауына және кәсіптік бағдарлануына оң әсер етеді.

Қала сыртындағы сауықтыру лагерлеріне 245 оқушы жіберіледі. Олардың ішінде – 75 оқушы білім бөлімінің қолдауымен, 120 оқушы Жәйрем кен байыту комбинаты қызметкерлерінің балалары ретінде Алматы қаласындағы «Ақ-Бұлақ» сауықтыру лагерінде, 50 оқушы «Өркен-Атасу» ЖШС қызметкерлерінің балалары ретінде Қарағанды қаласындағы «Орленок» лагерінде демалады. Бұл тәжірибе мемлекеттік құрылымдар мен әлеуметтік жауапты кәсіпорындардың балаларды қолдаудағы тиімді әріптестігін көрсетеді.

Сайып келгенде, Қаражал қаласының білім бөлімі 2025–2026 оқу жылындағы жазғы демалысты ұйымдастыру барысында балалардың қауіпсіздігіне, денсаулығын нығайтуға, жан-жақты дамуына және әлеуметтік қолдауына ерекше назар аударып отыр. Жоспарланған 14 бағыттың әрқайсысы оқушылардың белгілі бір қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Нәтижесінде балалардың басым бөлігі жазғы кезеңде бос уақытын тиімді өткізіп қана қоймай, білімін толықтырып, шығармашылық қабілетін дамытып, спортпен шұғылданып, еңбек тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік алады. Бұл жұмыстардың барлығы Қаражал қаласында ескелең ұрпақтың үйлесімді дамуына, олардың азаматтық жауапкершілігі мен өмірлік дағдыларының қалыптасуына маңызды үлес қосады.

Білім ошақтарында

Балалық шақ – бақыт мекені

Балалар – еліміздің жарқын болашағы, қоғамның ең қымбат қазынасы. Әр бүлдіршіннің шат күлкісі мен бақытты балалық шағы – баршамыздың басты мақсатымыз. 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында балабақшамыздағы тәрбиеленушілердің жетістіктері мен топ өмірі туралы бөлісуді жөн көрдік.

Біздің балабақшадағы әр күн балалар үшін қызықты жаңалықтарға, ізденістер мен шығармашылыққа толы өтеді. Топтағы бүлдіршіндер бір-бірімен достасып, үлкенді құрметтеуді, қоршаған ортаға қамқор болуды үйренеді. Ойын арқылы білім алып, түрлі іс-шараларға белсенді қатысады.

«Жұлдыз» тобында қазіргі таңда 20 тәрбиеленуші бар. Оның ішінде 15 ұл бала және 5 қыз бала тәрбиеленуде. Әр баланың мінезі мен қызығушылығы әртүрлі болғанымен, олар бір-бірімен тату-тәтті араласып, достық пен сыйластықтың үлгісін көрсетіп келеді. Біздің топта әр баланың ерекшелігі

мен қабілетіне мән беріледі. Бірі ән айтып, би билеуге құмар болса, енді бірі сурет салып, қолөнер жасауды жақсы көреді. Тәрбиеші ретінде балалардың бойындағы талантты байқап, оны дамытуға жағдай жасау – басты міндетіміздің бірі. Жыл бойы тәрбиеленушілеріміз түрлі мерекелік іс-шараларға, байқаулар мен іс-әрекеттерге қатысып, өздерінің білімдері мен өнерлерін көрсетті. Әсіресе, топтағы балалардың ұйымшылдығы мен достығы бізді қуантады. Олар бір-біріне көмектесіп, қуанышты да, жетістікті де бірге бөлісуді үйреніп келеді. Балалардың дені сау, білімді, тәрбиелі болып

өсуі – ата-ана мен тәрбиешінің ортақ еңбегінің нәтижесі. Сондықтан, біз әрдайым ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс істеп, бала тәрбиесіндегі ынтымақтастықты нығайтуға күш саламыз.

Балаларды қорғау күні – әр бүлдіршіннің бақытты өмір сүруге, сапалы білім мен тәрбие алуға құқығы бар екенін еске салатын ерекше мереке. Барша балаларға шаттыққа толы балалық шақ, жарқын болашақ және биік белестер тілейміз!

Алмагүл БАЯЗИТОВА,
«Балбөбек» бөбекжайының тәрбиешісі.



ТЖ ескертеді!

Балалардың терезеден құлауының алдын алу

Терезеден құлап кету – балалардың жарақаттануы мен қаза болуының негізгі себептерінің бірі. Жаратылысынан бәрін білуге құштар балалар ашық терезеден құлап кетуге бейім. Апаттың алдын алу үшін келесі ережелерді сақтау керек:

- Пәтердегі терезелерді ашу және үй-жайды желдетер кезде, баланың қараусыз қалмағанына көз жеткізіңіз. Мүмкіндігінше, терезелерді (желдеткіштерді) төменнен емес, жоғарыдан ашыңыз. Бала терезені өз бетінше аша алмайтындай етіп терезелерге блокираторлар (арнайы бекіткіштер) орнатыңыз.

- Баланың балконға ересектердің қарауынсыз шығуына жол бермеңіз. Ұйықтап жатқан баланы ешқашан пәтерде жалғыз қалдырмаңыз. Бала оянып, ашық терезенің тақтайшасына шығып кетуі мүмкін.

- Төсекте қоса алғанда, барлық жиһаздарды терезе алдынан жылжытыңыз. Бұл баланың терезе алды тақтайшасына кездейсоқ шығуына жол бермейді.

- Балаға терезе қалай ашылатынын көрсетпеңіз. Терезені өз бетінше ашуды қаншалықты кеш үйренсе, оның пәтерде оңаша болуы соғұрлым қауіпсіз болады.



- Балаға терезеден немесе балконнан көшеге қарау үшін орындықты немесе басқа құрылғыны аяғының астына қоюды үйретпеңіз. Кейіннен, осылай әрекет ете отырып, сыртқа ұмтыла қарау нәтижесінде терезеден (балконнан) құлап кетуі мүмкін.

Москит торлары көп қауіп төндіреді:

- бала алдындағы қандай да бір кедергіні көреді, оған сенімді сүйенеді, нәтижесінде кішкентай баланың салмағына арналмаған тормен бірге құлап кетуі мүмкін;

- егер 5-7 жастағы бала пәтерде жалғыз қалудан қорқатын болса, оны тіпті аз мерзімге де жалғыз қалдырмаңыз. Көбінесе балалар қорқыныш сезініп, ата-аналарын көру үшін терезеден немесе балконнан қарайды, нәтижесінде бала құлап кетуі мүмкін.

Балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігін бірге сақтайық!

Ануар ЕРҒАЗИЕВ,
Қаражал қаласы ТЖ бөлімінің аға анықтаушысы а/қ лейтенанты.

Благодарность

Человек с большим сердцем



В нашей жизни встречаются люди, чья доброта, отзывчивость и душевная щедрость становятся настоящей опорой для окружающих. Именно таким человеком является наш патронатный воспитатель Диляра Чернавская.

Приняв на себя ответственную и благородную миссию, Диляра Радиковна окружает своего подопечного заботой, вниманием и искренним участием. Благодаря её терпению, мудрости и доброму сердцу ребёнок чувствует себя защищённым, любимым и

уверенным в завтрашнем дне. Быть патронатным воспитателем — это не просто работа, а настоящее призвание, требующее огромного терпения, душевной щедрости и любви к детям. Благодаря Вашей заботе, вниманию и поддержке Данил обретает

чувство защищённости, уверенность в себе и веру в добро.

Каждый день Диляра Радиковна дарит тепло своей души, помогает преодолевать трудности, поддерживает в учёбе и жизни, воспитывает в детях доброту, уважение и ответственность. Такой труд невозможно измерить словами, но его значение трудно переоценить.

Вы ежедневно вкладываете силы, знания и тепло своей души в воспитание подрастающего поколения, помогаете Данилу преодолевать жизненные трудности, раскрывать свои способности и строить планы на будущее. Ваше участие в его жизни становится надёжной опорой и примером человечности.

Желаем Вам крепкого здоровья, счастья, семейного благополучия, душевного тепла и новых успехов в Вашей важной и ответственной миссии. Пусть уважение окружающих, любовь детей и благодарность людей всегда сопровождают Вас на жизненном пути.

Айгерим КУЛЬБАЕВА,
главный специалист по защите прав детей ГУ «Отдел образования города Каражал».

Еске алу

Асыл жар, асқар тау әке, аяулы да мейірімді ата, жанашыр бауыр бола білген **Ахмет ДИҚАНБАЙҰЛЫНЫҢ** өмірден озғанына 40 күн толып отыр.

Жаратқанға қарсылық қыла алмаймыз, Сағынбай енді өзіңді тұра алмаймыз. Нар тұлға, көркем мінез, өнегенді, Енді тек еске алумен дұға арнаймыз.



Сағына еске алушылар: **жары, балалары, немерелері, туған-туыстары.**

Марқұмның қырқына арналған ас 2026 жылдың 13 маусымы күні сағат 13.00-де Қаражал қаласы, «Тұран» мейрамханасында беріледі. Асқа ағайын-туыс, бауырлар, құда-жекжат, көрші-қолаң, дос-жаран және өкеміздің көзін көрген барша жамағатты шақырамыз.

к/о №3

ҚИМАС АҒАҒА...

Сыр алдырмас сырттан сынды сыртына,
Жарына адал, жақсы атанған жұртына.
Ата жолын ұстай білген жан едің,
Салтын сақтап, сақ қараған ғұрпына.

Тең қарайтын пақыр менен патшаға,
Бөлек болмыс ұқсамайтын басқаға.
Сізден де өтті мына бес күн дүние,
Жатқан жерің жәннат болсын, жақсы Аға.

Төлеген ЖАМАНОВ.

Назарларыңызға!

Қаражал тау-кен техникалық колледжі талапкерлерді қабылдайды!

2026-2027 оқу жылына құжат қабылдау 25 маусымнан басталады.

9 сынып негізінде:

- «Жерасты құрылымдарының құрылысы»;
- «Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөн-деу және пайдалану».

11сынып негізінде:

- «Пайдалы қазбаларды байыту (кен байыту)».

Студенттерге келесі әлеуметтік қолдау түрлері көрсетіледі:

- мемлекеттік шәкіртақы;
 - тегін ыстық тамақ;
 - серіктес кәсіпорындарда өндірістік тәжірибеден өту мүмкіндігі;
 - мамандық бойынша жұмысқа орналасуға мүмкіндік.
- Қаражал тау-кен техникалық колледжі – сапалы білім, заманауи оқыту технологиялары, өндірістік тәжірибе және сұранысқа ие мамандықтар мекені.

Мектеп түлектерін беделді жұмысшы мамандықтарын игеруге және жарқын болашағын бізбен бірге құруға шақырамыз!

Қабылдау мәселелері бойынша колледждің қабылдау комиссиясына хабарласуға болады.

Мекенжайымыз: Қаражал қаласы, Абай көшесі, 8 үй, Қаражал тау-кен техникалық колледжі. Байланыс нөмірі: +7 7476004290, +77014258271.

К сведению!

Каражалский горно-технический колледж объявляет набор абитуриентов!

С 25 июня начинается прием документов на 2026–2027 учебный год.

На базе 9 класса:

- «Строительство подземных сооружений»;
- «Техническое обслуживание, ремонт и эксплуатация электромеханического оборудования».

На базе 11 класса:

- «Обогащение полезных ископаемых (рудообогащение)».

Нашим студентам предоставляются социальные льготы:

- государственная стипендия;
- бесплатное горячее питание;
- прохождение производственной практики на предприятиях-партнерах;
- возможность дальнейшего

трудоустройства по полученной специальности.

Каражалский горно-технический колледж – это качественное образование, современные технологии обучения, практическая подготовка и востребованные профессии.

Приглашаем выпускников школ получить престижную рабочую профессию и уверенно строить свое будущее вместе с нами!

По вопросам поступления обращаться в приемную комиссию колледжа.

Ждем вас по адресу: г.Каражал, ул.Абай, д.8, Каражалский горно-технический колледж.

Контактный номер:
+7 7476004290, +77014258271.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу

Тарихтан тағылым – өткенге тағзым

XX ғасырдың бірінші жартысы қазақ халқы үшін орны толмас қасіретке, жазықсыз төгілген қан мен көз жасына толы болды. Тұтас бір ұлтты жер бетінен жойып жібере жаздаған қолдан жасалған нәубет – ашаршылық миллиондаған отандасымыздың өмірін қиды. Солақай саясаттың құрығына ілінген ұлт зиялылары, «халық жауы» деген жаламен ату жазасына кесіліп, айдауға кетті. Жаппай қуғын-сүргін мен тоталитарлық жүйенің қудалауы әрбір қазақ шаңырағына қайғы-қасірет әкелді. 31 мамыр – міне, осы зұлмат жылдардың құрбаны болған, жазықсыз жапа шеккен боздақтар мен ел болашағы үшін құрбан болған арыстарымызды еске алып, рухына бас иетін қасиетті күн.



Осы айтулы күнге орай, Қаражал қаласындағы қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарына арналған ескерткіш алаңында «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» атты терең мағыналы, әсерлі еске алу жиыны өтті. Шараға қала тұрғындары, зиялы қауым өкілдері, жастар

және нәубет жылдарында қуғын көрген азаматтардың ұрпақтары қатысты.

Жиналған қауым ел игілігі мен бостандығы жолында құрбан болған боздақтардың рухына бір минуттық үнсіздікпен тағзым етті. Одан кейін ескерткішке гүл шоқтарын қою рәсімі



басталды.

Бұл рәсімнің Қаражал жұрты үшін орны бөлек. Саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық тарихы Қаражал өңірін де айналып өтпеген еді. Қала тарихында есімдері құрметпен аталатын, солақай саясаттың құрбаны болған ағайынды Тілеуғабыл мен Сыздық Байтемірлердің және Сыздық Әлиев сияқты жерлестеріміздің есімдері бүгінде ақталып, ел жадында қайта жаңғырды.

Гүл қою рәсіміне осы жазықсыз жапа шеккен арыстардың ұрпақтары – Қаражал қаласының Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасына Еңбек сіңірген жаттықтырушысы Дүйсенбай Тажеев пен Дина Әлиева бастап берді. Сондай-ақ, Қаражал қаласының Құрметті азаматтары Мешітбай Омаров пен Жарқынбай Жетімеков те ескерткішке гүл шоқта-

рын қойып, өткендердің рухына тағзым етті. Жиында сөз алған Дина Сыздыққызы өткен күннің ащы шындығынан сыр шертіп, бабалардың сабыры мен қайсарлығының арқасында жеткен бүгінгі бейбіт өмірдің қадірін білу керектігі туралы өнегелі ойларымен бөлісті.

XX ғасыр басындағы ашаршылықта 1,5 миллионнан астам отандасымыз қаза тапты. Қазақ халқы сол шығынның орнын тек жарты ғасырдан кейін ғана әзер толтырды. Алайда, өз басына түскен осындай ауыр тауқыметке қарамастан, қазақ халқы тағдыр тәлкегімен қазақ жеріне қоныс аударылған өзге этнос өкілдерін бауырына басып, наныммен бөлісті. Соның нәтижесінде бүгінде еліміз бейбітшіліктің бесігіне, «Қазақстан халқы» атты бірлігі жарасқан ұлы елге айналды.

Шарада Тәуелсіздік жылдарында қабылданған «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңның маңызы мен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзі ерекше атап өтілді: «Біз жазықсыз жазаланғандардың әрқайсысын есте сақтау арқылы ғана кемел келешекке жол ашамыз».

Өткеннің қасіретін ұмытпау – болашақ алдындағы үлкен жауапкершілік. Тарихтың осынау ащы сабағы бүгінгі ұрпақты ел бірлігі мен Тәуелсіздікті көздің қарашығындай сақтауға үндейді.

«Аспанымыз ашық, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!» деген ізгі тілекпен аяқталған бұл шара қаражалдықтардың санасына тағы бір мәрте тарихтан тағылым алып, өткенге тағзым етудің қаншалықты маңызды екенін ұқтырғандай болды.

Табиғат – адамзаттың алтын бесігі, ал оның тазалығы – ортақ болашағымыздың кепілі. Осы бір асыл құндылықты ұлықтап, қоғамның экологиялық санасына қозғау салу мақсатында Орталық кітапхана алаңында «Экология сағаты» атты өнегесі мол, ақпараттық-танымдық акция жалауын желбіретті. Кең ауқымды шараның басты мұраты – әрбір жүрекке табиғатқа деген жана-шырлық ұрығын сеуіп, қоршаған ортаны көздің қарашығындай сақтау мәдениетін қалыптастыру болды.

Жиын барысында жиналған қауымға табиғат-ананы аялаудың

Жасыл әлем – жан шуағы



өмірлік маңызы, экологиялық жауапкершілік пен күнделікті тұрмыстағы тазалық әліппесі кеңінен түсіндірілді. Қатысушылар кітапхана маңын қоқыстан тазартып, жиналған қалдықтарды қайта өңдеу арқылы түрлі

пайдалы әрі ерекше бұйымдар жасап шығарды. Бұл жүздесу жай ғана ақпарат берумен шектелмей, еркін пікір алмасатын, қоғамның үніне құлақ түретін ашық сұхбат алаңына айналды. Шараға белсене қатысқан тұрғын-

дар мен жалынды жастар қоршаған ортаны қорғауға қатысты өздерінің толғақты ойлары мен пайымды ұсыныстарын ортаға салып, табиғатты ардақтауға бағытталған игі бастамаларға біркісідей қолдау білдірді.



Ұйымдастырушылар атап өткендей, мұндай парасатты шаралар – бір күндік науқан емес, тұрақты жалғасын табатын үлкен үрдістің басы. Себебі, қоғамда жоғары экологиялық мәдениетті сіңіру және өскелең ұрпақты табиғаттың нағыз жана-шыры етіп тәрбиелеу – ертеңгі таза да нұрлы болашағымыздың іргетасы. «Жер-Ананы аялағанды – жер де аялайды» деген аталы сөзді ту еткен шара қатысушыларға ерекше серпін беріп, әр адамды өз ауласы мен өз өлкесінің тазалығына жауапкершілікпен қарауға үндеді.

Бетті өзірлеген
Жазира СЕЙДҒАБИҚЫЗЫ

Директор
Жалғасқан ҚҰРМАНСЕЙІТОВ

Бас редактор
Асель КУРБАЛОСОВА
Техникалық редактор
Айгүл БАЙПЕЛОВА

«Қазыналы өңір» газеті редакциясы
ЖШС

Қаражал қаласы, Сары Тоқа, 1
Тел: 2-61-02, k_onir2025@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және мұрағат комитетінде 2012 жылғы 22 мамыр 12759-Г куәлігімен тіркелген.

ИИН 001140000674
KZ 40601717000000329
БИК HSBKZKX AO «Halyk bank»
Код Кбе 18
Газет сенбі сайын шығады
Көлемі 2 б/т
Индекс 200122
Таралымы 1000
Тапсырыс 21

Газет «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15.
Жеке авторлар мақаласы редакция көзқарасын білдірмейді.
Мақала нақтылығына авторлар жауап береді.
Мақала авторларға қайтарылмайды.
Жарнаманың нақтылығына жарнама берушілер жауапты.